

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
эстетика пән бірлестігінің 2023-2024 оқу жылының**

ХАТТАМАСЫ

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны эстетика әдістемелік пән бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

27.08.2023 жыл

Қатысқандар – 9

Қатыспағандар - 0

Қаралды:

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебі;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
2. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хатты талқылау.

а) негізгі орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері;
ә) жалпы орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері.

ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
3. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту; пед жүктемені бөлу;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
4. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстыру;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
6. Қабілетті оқушылардың жоспарын бекіту;
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
7. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Рахия Толемисова бірлестік мүшелерін жаңа оқу жылымен құттықтап 2023-2024 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытындысын баяндады. 2023-2024 оқу жылында эстетика пәні бірлестігінде «Сындарлы оқытуды сабақта пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру» деген тақырыпта жұмыс атқарды. Әдістемелік бірлестіктің аталған тақырыптағы жоспарланған жұмысы, әрбір сабақты тиімді өткізіп, оқушыларға сапалы білім беруді мақсат еткен.

Отырыс жоспарлары мен жылдық жоспар жасалынып бекітілген. Оқу жылының басында әдістемелік отырыстың мәжілісі болып, мұғалімдердің сағат жүктемелері анықталынды. Оларға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасаланып, талқыланып бекітілді.

Бірлестікте 9 мұғалім жұмыс жасайды. Олардың ішінде 2 педагог-зерттеуші, 3 педагог-сарапшы, 3 педагог-модератор. 1 жас маман.

2. Келесі мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Рахия Толемисова нұсқаулық хатпен таныстырып талқылады.

3. **2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту; пед жүктемені бөлу;** 2023-2024 жылдың тамызындағы педагогикалық кеңестің шешімін ескере отырып, биылғы 2023-2024 оқу жылындағы «Ұзақ мерзімді», «Қысқа мерзімді» жоспарларының қалай жасалуын талқылап, бір шешімге келіп, бекітті, яғни электронды нұсқада, kundelik.kz жүктелетін болып келісілді. Ағымдағы оқу жылында өтетін қалалық, облыстық көлемдегі байқауларға оқушыларды дайындау әрбір пән мұғалімдерінің күн тәртібіндегі ең бірінші мәселесі болуы керектігі айтылды. Мұғалімдердің күнтізбелік тақырыптық сабақ жоспарларының бағдарламаларын бекіттіру мақсатында әрбір мұғалімнің сабақ жүктемесіне сәйкес құрастырылған ұзақ мерзімді жоспарлары қарастырылды. Кемшіліксіз талапқа сай екендігі анықталды.

4. Оқу жылы ағымындағы пән апталығының өткізу кестесімен таныстыру

Ағымдағы оқу жылының екінші жарты жылдығында эстетика пәні апталығы өтетіндігі айтылып, таныстырылды. 2023 ж № бұйрығымен онкүндік пән апталық кестесі « 01 » сәуір - « 30 » сәуір 2024 ж аралығында өтетіндігі айтылды.

5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру

Күн тәртібінде келесі 5-мәселе бойынша педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру. Шымкент қаласының білім басқармасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығындағы 2 тарау 2 параграфтегі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары» аттестаттаудан

өтетін мұғалімдерге таныстыру жұмысы жүргізілді.

Кезекті Ұлттық біліктілік тестілеуі электрондық форматта (компьютерлік тестілеу) өткізіледі. Ұлттық біліктілік тестілеудің электрондық форматы толық ақпарат қосымша түрде жолданатындығы айтылды.

6. **Қабілетті оқушылардың тізімін нақтылау, жоспарын бекіту** Келесі кезекте оқушылардың үлгерім сапасына тоқтала келе, олардың білімді қабылдау мүмкіндігі әртүрлілігіне байланысты дарынды төмен оқушыларға жасаған жұмыс жоспарлары талқыланды. Бізге мәлім әр сыныптағы балалардың жас шамасы қатар болса да түсінуі, құбылысты қабылдау қабілеттері әртүрлі. Соның нәтижесінде әр сыныпта аз да болса сабаққа ынтасы төмен, үлгірмейтін оқушылар кездеседі. Мұндай оқушыларды толық үлгерімге жеткізу - мұғалімнің қиын да абыройлы міндеті. Сол мақсатта жұмыс жүргізген пән мұғалімдері арнайы жоспарын жасап, бекітті.

7. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.

2023-2024 оқу жылында эстетика пәні бірлестігінен бір апталық пән бойынша біліктілігін арттыру курсына 2 пән мұғалімдер сұраныс берді.

Сөз соңында ӘБ жетекшісі эстетика оқу бөлмелерін жаңа оқу жылына даярлау, кабинет жоспарын түзу, дидактикалық материалдар санын көбейту, оны сабақтарында тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғады. Сонымен бірге «Білім туралы» Заңы, «Тіл туралы заңы», «Бала құқықтары туралы конвенция» т.б заңнамалары отырыста қаралып,

бірауыздан бірлестік мүшелерінің шешімімен бір портфолиоға жинақталатындығына бірауыздан келісті.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе, мәжіліс мынадай шешім етеді.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын;
2. 2023-2024 Әдістемелік нұсқау хаты талқыланып орындалсын, оқу жылының міндеттерімен бірлестік мүшелері толық таныстырылып, міндеттер орындалуына мақсат көзделсін;
3. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары талданып, пед жүктемесі бөлініп, әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін;
4. Мұғалімдердің жылдық жүктемесіне қарай бағдарламалар талқыланып, жасалынған күнтіз бөлік жоспар қаралып, бекітуге жіберілсін;
5. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстырып дайындық жүргізілсін;
6. Аттестациялаудан өтетін мұғалімнің құжаттары толықтырылсын;
7. Мұғалімдер сабақтарында оқытудың жаңа әдістерін пайдалансын.

Жиналыс төрағасы  Рахия Толемисова

Жиналыс хатшысы  Нұргүл Айтуғанова

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны эстетика әдістемелік пән бірлестік мүшелері
қатысуымен болып өткен отырысының

№ 2 ХАТТАМАСЫ

07.11.2023 жыл

Қатысқандар - 9

Қатыспағандар-жok

Қаралды:

1. I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, жұмыстарының сараптамасының қорытындысы;
2. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау;
3. Мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы;
4. Мұғалімнің санатын жоғарылату мәселесі бойынша жұмыс нәтижелері;

ӘБ жетекшісі Р.М.Толемисова

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі сөз алып, I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, жұмыстарының сараптамасының қорытындысына тоқталып өтті.
2023-2024 оқу жылының I тоқсанында эстетика пәні аптасына екі сағат сыныптар 5-6 ЕСП қояды, аптасын бір сағат болатын сыныптар 7-9 ЕСП жазылмайтындығын айтып өтті.

3. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау.
Келесі мәселе бойынша ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау жайында ӘБ жетекшісі сөз қозғады. Әр пән мұғалімі өзінің жетекшілік ететін оқушыларымен үзбей жұмыс істеп келе жатқандықтарын тілге тиек етті. Болашақта оқушылар сол шығармаларын өз деңгейінде қорғап шыға алатындай жұмыс жүргізу керектігін ескертіп өтті.

Сонымен бірге Дарын орталығынан тапсырмалар келіп, ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы құрылды. Алдын ала көрмені өткізу туралы ережесі бекітіліп, қазылар алқасының құрамы сайланды. Көрме өткізу кестесі түзіліп, жауапты мұғалімдер анықталынды. Мектеп директоры Л.Н.Мырзақасымова атына сұраныс жазылды. көрмеге комиссия мүшелерінің алдын-ала дайындаған бір кезеңнен тұратын тапсырмаларын орындау негізінде жүргізілді.

6. Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру керектігін айтты. Сол мақсатта 2023-2024 оқу жылында педагог қызметкерлерге арналған жаңа форматтағы Ұлттық біліктілік тестке мұғалімдер арасынан педагог-сарапшы санатын Әбжаппарова Ақсауле мұғалім өз санатын қайта бекітті. Ағымдағы мәселе бойынша бірлестік мұғалімдеріне психологиялық кеңестер берілді.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау;
3. Мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы бойынша қалалық олимпиадаға оқушыларға дайындық жұмыстарын пән мұғалімдері жандандырсын;

Жиналыс төрағасы



Р.М.Толемисова

Жиналыс хатшысы



Н.Айтуғанова

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны эстетика әдістемелік пән бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

08.01.2024 жыл
Қатысқандар - 9
Қатыспағандар-жок

Қаралды:

1. I жарты жылдық қорытындысы бойынша есебі;
2. II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі;
4. Пән апталығының өтілу барысы;
6. Баяндама «Құндылыққа толы сабақ»

7. Әр түрлі мәселелер

ӘБ жетекшісі Р.М.Толемисова

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Рахия Толемисова сөз алып, I жарты жылдықтың аяқталуы әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің I жарты жылдық қорытындысы бойынша есебіне тоқталып өтті. 2023-2024 оқу жылында әдістемелік бірлестік «эстетика сабағында еңбекке баулу арқылы білім беруді жаңашаландырып, оқушыларды Өнер - қанат, білім санат » деген тақырыпта жұмыс атқаруда. Мақсаты: «Сабақта жаңа технология әдістерін қолдана отырып, оқушылардың біліктілігін арттыру».

Бірлестікте жалпы 9 мұғалім жұмыс атқарады. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде «Педагог- зерттеуші» біліктілік санатында – 2, «Сарапшы – педагог» -3, «Педагог-модератор»-3, «Педагог»-1. Пән мұғалімдерімен өзара сабаққа ену, ашық сабақтарға қатысу, интернет жүйесімен жұмыс жасау жүргізілуде.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша, ӘБ жетекшісі II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі жайлы сөз қозғады. 2023-2024 оқу жылының II тоқсанында оқушылардан алынған бөлім бойынша Оқушылармен тынбай жұмыс жүргізу және жасаған жұмыстарын қалалық көрмелерге қатыстыру керектігі айтылды.

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің эстетика пәні әдістемелік бірлестігінің 2023-2024 оқу жылының мұғалім жетістіктері туралы мәлімет

№	Мұғаліматы-жөні	Байқаудың атауы	Өтілген орны	Нәтижесі
1	Үмбеталиева Мария	"Бояулар құпиясы"	Астана -2024ж	Диплом
2	Үмбет Айзада	Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған байқауға қатысқаны үшін	Астана қаласы	Мадақ тама
3	Айтуғанова Нұргүл	Халқаралық семинарға	Шымкент-2024	Диплом

		қатысқаны үшін	Білім басқармасы	
4	Толемисова Рахия	"Шығыс шеберлері"	Шымкент 2024 жыл Білім басқармасы	Диплом
5	Урозов Олим	"Әбілхан Қасте"	Шымкент-2024	Мадақтама
6	Толемисова Маржан	"Шығыстың Шеберлері"	Шымкент 2024ж	Алғыс хат

2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері туралы мәлімет

№	Мұғалімі	Оқушының аты-жөні	Сынып	Байқаудың атауы	Өтілген орны	Нәтижесі
1	Толемисова Маржан	Қали Инжу	6 А	"Дәстүр мен жаңашылдық үндестігі"	Шымкент қаласы Білім басқармасы	I-орын
2	Айтуғанова Нұргүл	Алихан Жанерке	4К	Әбілхан Қастеевтің 120жыл байқау	Шымкент-2024ж	Диплом I-орын
3	Толемисова Рахия	Байбек Гүлсезім	6 г	"Шығыстың шеберлері"	Шымкент-2024 Білім басқармасы	Диплом I-орын
4	Үмбеталиева Мария	Қарасай Әмина	7Ж	"Дәстүр мен жаңашылдық үндестігі"	Шымкент-2024	Сертификат
5	Урозов Олим	Рабим Қуаныш	9а	"Дәстүр мен жаңашылдық үндестігі"	Шымкент-2024	Диплом 2-орын

4. Пән апталығының өтілу барысына дайындық жұмыстарын жүргізуді жандандыру керектігі айтылды.

Сәуірдің 01-мен 30.04.24ж күні онкүндіктің жоспары бекітіліп, оқушыларға арналған апталықтың ашылуын эстетика мұғалімдері бірлесе отырып өткізуге тапсырма берілді. Онкүндіктің барысында барлық мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар жүргізу тапсырылды.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. I жарты жылдық қорытындысы бойынша әдістемелік бірлестік жұмыстарының есебі мен пән мұғалімдердің есебі қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Эстетика пәндері бойынша II тоқсандағы оқу процесінің үлгерім қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
4. Мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
5. Пән апталығына дайындық жұмыстары жүргізілсін;

Жиналыс төрағасы



Р.М.Толеисова

Жиналыс хатшысы



Н.І.Айтуғанова

№136 жалпы орта білім беретін мектеп 2024 жылдың 27 наурыз күні
эстетикалық пәндері әдістемелік бірлестік мүшелері қатысуымен
болып өткен отырысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар- 9

Қатыспағандар-жок

Қаралды:

1.ІІІ-тоқсандағы оқу процесінің қорытындысы;

ӘБ жетекшісі Р.М.Толемисова

2. Қабілетті оқушыларды байқауларға дайындау мәселелері;

3 . Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау,бекіту оқушылар
тізімін нақтылау;

ӘБ жетекшісі Р.М.Толемисова

4.Мұғалімнің шығармашылығы туралы(баяндама)

Пән мұғалімі: М.М.Толемісова

5.Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі сөз алып,3- тоқсандағы оқу процесінің қорытындысына тоқталып өтті. Әр сынып бойынша оқушылардың пән бойынша көрсеткіші көрсетілді. Пән бойынша әр сыныптың көрсеткіші қанағаттанарлық деңгейде екендігі анықталды..

Келесі мәселеде көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.М.Толемісова «Мұғалімнің шығармашылығы туралы» тақырыбында баяндамасын оқыды.

Келесі мәселеде қабілетті оқушыларды түрлі байқауларға қатыстыру қорытындысына тоқталды.

Алдағы болатын байқауларға оқушыларды қатыстырып отыру пән мұғалімдеріне жауапкершілік жүктелді.

Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау,бекіту оқушылар тізімін нақтылау.

Келесі мәселе бойынша ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау жайында ӘБ жетекшісі сөз қозғады. Әр пән мұғалімі өзінің жетекшілік ететін оқушыларымен үзбей жұмыс істеп келе жатқандықтарын тілге тиек етті.

Болашақта оқушылар сол шығармаларын өз деңгейінде қорғап шыға алатындай жұмыс жүргізу керектігін ескертіп өтті.

4. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылындағы аттестациядан өтетін мұғалімдерді таныстыру жайлы әңгіме қозғалды. 2023-2024 оқу жылында педагог қызметкерлерге арналған Ұлттық біліктілік тестке эстетика пәні мұғалімі Әбжаппарова Ақсауле, Нахыпбаева Зәуре қатысатыны, сәуір айындағы тестке баратыны, жақсы дайындалып жақсы көрсеткіш көрсету үшін жақсы тілектер айтылды.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. I тоқсандағы оқу процесінің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;

2. «Мұғалімнің шығармашылығы туралы» тақырыбында жасалған баяндама құнды деп табылсын;

3. Түрлі байқауларға оқушыларды қатыстыру үшін оқушыларға дайындық жұмыстарын пән мұғалімдері жүргізсін;

4. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау, оқушылардың мектепішілік ғылыми-шығармашылық жобаға қатыстырылуы және жұмыстардың тиянақталынуы жетекшілеріне міндеттелінсін;

Жиналыс төрағасы  Р.М.Толемисова

Жиналыс хатшысы  Н.І.Айтуғанова

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналды мемлекеттік кәсіпорны эстетика пән бірлестік мүшелерінің қатысуымен болып өткен отырысының

№5 ХАТТАМАСЫ

27.05.2024 жыл

Қатысқандар – 7

Қатыспаған -0

Қаралды:

1. II жарты жылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова
2. Жылдық, IV тоқсан бойынша эстетика пәнінен үлгерім қорытындысы, жұмысының сараптамасы және он күндік апталық қорытындысы
ӘБ жетекшісі Р.Толемисова

Тыңдалды :

Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Р.Толемисова бастады. Бірлестік мүшелерінің II жарты жылдықтың аяқталуымен құттықтап, әдістемелік жұмыстарының қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің II жарты жылдық бойынша есебіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша жылдық, IV тоқсандағы үлгерім мен бақылау қорытындысының есебін айтып өтті. Мектепшілік жоспарға сәйкес 01.04 - 30.04.2024 жыл күндер аралығында эстетика апталығы болып өтті.

1. Ашық сабақтардың өту кестесі

№	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Жұмыстың түрі	Сыныбы	Уақыты Кабинеті	Мерзімі	Пән мұғалімі
1	«Су-ырысы көз».	Ашық сабақ (ән-саз)	3 ^Е	II ауыс. 4-саб 34-кабинет	26.04. 24 ж	Н. Айтуғанова
2	«Интерьерге арналған бұйым жасау.»	Ашық сабақ (көркем еңбек)	8 ^Ж	I ауыс. 4-саб 21-кабинет	22.04. 24ж	Әбжаппарова А
3	«Электр құрылғылары мен тұрмыстық техникаларды таңдау және бағалау».	Ашық сабақ (Көркем еңбек)	8 ^Ж	I ауыс. 4-саб 12-кабинет	22.04. 24 ж	Б.Момбеков
4	«Әлем халықтарының тағамдары»	Ашық саб. (көркем еңбек)	7 ^И	II ауыс. 5-саб	15.04. 24ж	Р.Толемисова
5	«Бір шаңырақ астында»	Ашық сабақ (ән-	5 ^А	II ауыс. 2-саб	18.04. 24ж	А.Үмбет

		саз)				
6	«Электір қуатының негізгі ккздері туралы жалпы мәлімет»	Ашық сабақ (көркем еңбек)	5 F	I ауыс. 4-саб 12кабинет	19.04. 24ж	О.Урозов
7	«Бутербродтар мен сусындардың әзірлену технологиясы»	Ашық сабақ (көркем еңбек)	5 3	II ауыс. 4-саб 21кабинет	18.04. 24ж	М.Төлемісова

2.Сыныптан тыс атқарылатын іс-шаралар кестесі

№	Атқарылатын жұмыстар	Сыныбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылу салтанаты Көрме ұйымдастыру Іс-жоспармен таныстыру	5-9 сыныптар		ӘБ мүшелері
2	« Концерттік іс-шара»	5-9сыныптар	02.04.24ж	Жауапты: А. Үмбет Н.Айтуганова
3	«Жас суретші» байқауы	5-6сыныптар	10.04. 24 ж Сағ 12 ⁰⁰	Жауапты: М.Төлемісова О.Урозов
3	«Өнерлінің –өрісі кең» Шеберлік сабағы	5-6сыныптар	25.04.24ж Сағ 12 ⁰⁰	Жауапты: М.Төлемісова О.Урозов Р.Толемисова
4	Апталықтың жабылуы Оқушыларды марапаттау Қорытынды кеш	5-9сыныптар	30.04.24ж Сағ 13 ⁰⁰	ӘБ мүшелері

Сөз соңында ӘБ жетекшісі эстетика әдістемелік бірлестік жетекшісі оқу бөлмесінің жана оқу жылына дайындау керектігі, дидактикалық материалдар мен электронды оқулықтар санын көбейту, оны сабақтарда тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғалды. Шешім:

1. 2024-2025оқу жылында II жарты жылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Жылдық, IV тоқсан бойынша эстетика пәнінен үлгерім қорытындысы, жұмысының сараптамасы қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Онкүндік апталық арасында өткізілген ашық сабақтар жақсы деп табылып, дайындық жұмыстары жандандырылсын.